

Павлодар облысының Әділет департаменті  
20 21 ж. 15 - 01  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ  
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 9809 4000 1499  
Алғашқы тіркелген күні 1998 ж. 30 - 09



Павлодар облысы қаржы  
басқармасының

2021 жылғы « 05 » қаңтар  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
бекітілген

Павлодар облысының Әділет департаменті  
2021 15 11  
93-1945-10-111  
1998 30 09

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы  
білім беру бөлімінің «Черноярка жалпы орта білім беру мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**1. Жалпы ережелер**

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Черноярка жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Павлодар ауданы, Павлодар облысы әкімінің 1998 жылғы 12 тамыздағы № 251 «Ауданның бюджеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» шешімімен, Павлодар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 маусымдағы № 208/6 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің атауларын өзгерту туралы» қаулысымен құрылды, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» № 276/5 қаулысына сәйкес атауы өзгертілді.

4. Жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Черноярка жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орыс тіліндегі коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы: Коммунальное государственное учреждение «Черноярская средняя общеобразовательная школа» отдела образования Павлодарского района, управления образования Павлодарской области.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140913, Павлодар ауданы, Черноярка ауылы, Мира көшесі, 1/1.

## **2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі**

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері бар.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшаға жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс облыстық бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

## **3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні және мақсаттары**

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) білім беру және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты оқушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі болып табылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) мекемеде жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- 4) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

5) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

6) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

7) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

8) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

9) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес жеке тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасасуға құқығы жоқ.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Басқару органының немесе атқарушы органның, жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің функциялары**

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) ішкі тәртіп қағидаларын әзірлеу және бекіту;

2) оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

3) оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

4) ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жыл сайын ағымдағы оқу жылының соңына дейін тізбе туралы хабардар ету:

- алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, оқу құралдарын және басқа да қосымша әдебиеттерді, оның ішінде электрондық тасығыштарда;

- алдағы оқу жылында қолданылатын оқу материалдары;

5) егер осы Заңда және қабылдаудың үлгілік қағидаларында өзгеше көзделмесе, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;

6) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу;

7) ұлттық бірыңғай тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;

8) коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз қаражаты шегінде лауазымдық айлықақылар (мөлшерлемелер), қосымша ақылар, үстемеақылар және өзге де ынталандырушы төлемдерді белгілеу жатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

10) педагогтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз ету;

11) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру және жабдықтау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржы және материалдық қаражат көздерін тарту болып табылады;

13) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;

14) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету;

15) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерін уақтылы беруді қамтамасыз ету;

16) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну;

18) кадрларды кәсіптік даярлаудың қазіргі заманғы нысандарын енгізу.

## 5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру.

## 6. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді білім беру ұйымына қабылдау, сондай-ақ оқудан шығару тәртібі

19. Барлық балаларды, оның ішінде білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі Оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде белгіленеді.

20. Балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілерді шағын орталыққа қабылдау және жалпы қызметті ұйымдастыру Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушінің шағын орталықтағы орны мынадай жағдайларда сақталады:

- 1) тәрбиеленушінің наукастануы денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оналтылуы (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);
- 2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;
- 3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңіне.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекемеден бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа білім беру ұйымына аударуды растайтын құжаттардың негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

22. Білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау кезінде білім беру ұйымдарының басшылары балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар жасасады.

23. Гимназия сыныптарына қабылдау, жалпы білім беру сыныбынан гимназия сыныбына аудару педагогикалық кеңестің шешімімен, үлгерім нәтижелері (рейтингтік балл) бойынша жүргізіледі.

24. Білім алушыны Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде соңғысы оны және (немесе) ата-анасын (оларды алмастыратын адамдарды) білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін жарғымен және басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

25. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік орта білім беру ұйымдарынан шығаруға ерекше жағдайларда – құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік орта білім беру ұйымдарынан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт сабақты өткізген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдердің балуы. Балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес жүзеге асырылады.

26. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

## **7. Оқытудың және тәрбиелеудің білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде тілі, тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі**

27. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесін жүзеге асыратын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес таңдайды.

Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникул белгіленеді.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкестігін қамтамасыз етеді.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде қосымша білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары іске асырылады.

30. Оқыту процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақ кестесімен регламенттеледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің бірін үйренуін қамтамасыз етеді.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мектептен тыс үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті компоненттерінің сағаттарын (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесін оның басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді.

34. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реттілігі көрсетіледі.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілісті көздейді.

36. Коммуналдық мемлекеттік мекеме күніне ең жоғары оқу жүктемесін анықтауда, олардың жарғысымен анықталатын оқыту нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдауда дербес.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналадағыларға толерантты қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын,

тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтану объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

38. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырады.

### **8. Білімді ағымдағы бақылау білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды жүргізу нысандары мен тәртібі**

39. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгерімге ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

### **9. Ақылы қызмет көрсету тәртібі**

40. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге коммуналдық мемлекеттік мекеме бюджет қаражаты есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін көрсетіледі.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, оқушылар мен педагогтардан ақша алуға тыйым салынады.

42. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде беруге:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделерді дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыруға;



3) пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп зерделеуді ұйымдастыруға;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер және ересек тұрғындар арасында әртүрлі: спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге;

5) музыкалық аспаптарды пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсынуға;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз етуге;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын босатуға;

8) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімін өндіруді және өткізуді ұйымдастыруға;

9) ғылыми зерттеулер жүргізуге қуқылы.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақылы негізде ұсынылатын тауарларының (жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

45. Ақылы негізде қызмет көрсететін коммуналдық мемлекеттік мекеменің және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары шартпен реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде оқудың барлық кезеңі үшін шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз болып табылады.

Оқуға кезең-кезеңімен ақы төлеу кезінде жалақы өскен жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, ақы төлеу сомасы жылына бір реттен асырмай өзгертілуі мүмкін.

## **10. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын рәсімдеу тәртібі**

46. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытылуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) қосымша білім беру қызметтерін, өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білімді ақылы негізде алуға;

5) білім беру ұйымын басқаруға қатысуға;

6) бір оқу орнын қайта қабылдануға және басқа оқу орнына ауысуға;

7) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

9) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға құқылы.

47. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар мен тәрбиеленушілер:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік және практикалық дағдыларды меңгеруге міндетті;

2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

3) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

4) Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі басқа да білім алушылар мен қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясын және мәтінін білуге;

6) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге;

7) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, олар білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

8) орта білім беру ұйымында белгіленген талаптарға сәйкес мектеп формасын киіп жүруге міндетті. Киімде қандай да бір конфессияға жататын діни элементтерге, оның ішінде бас киім (тақиялар, орамалдар, үшкіл орамалдар және т.б.) киюге жол бермеуге;

9) білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметін көрсету туралы шартта көзделген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

48. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарт негізінде қосымша қызметтер алуына құқылы;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

49. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке айқындай отырып, мектепалды даярлықты қамтамасыз етуге;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемеге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;

4) балалардың оқу орнындағы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) ата-аналар жиналысына қатысуға, қажет болған жағдайда әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша оқу-тәрбие процесі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу және педагогикалық көмек көрсету үшін коммуналдық мемлекеттік мекемеге келуге;

6) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін оқушы бүлдіргені үшін материалдық жауапкершілікте балуға;

7) білім алушылардың оқу орны белгілеген мектеп формасын киіп жүруін қамтамасыз етуге міндетті;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да міндеттер жатады.

## **11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар**

50. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келуі тиіс. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында, үш түстен аспайтын түстерді араластыруға жол беріле отырып ұсталады. Мектеп формасының түсі тыныш және ашық емес реңктерден таңдалады.

51. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізіледі.

52. Мектеп формасы күнделікті, салтанатты және спорттық болып бөлінеді.

53. Ұлдарға арналған мектеп формасы келесіні қамтиды: пиджак, жилет, шалбар, салтанатты жейде, күнделікті жейде (қысқы кезең: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбар еркін кесілген және ұзындығы бойынша аяқтың білектерін жабады.

54. Қыздарға арналған мектеп формасы келесіні қамтиды: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық блузка (қысқы кезең: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбар еркін кесілген және ұзындығы бойынша аяқтың білектерін жабады.

55. Ұлдарға арналған салтанатты форма ақ көйлекпен, қыздарға арналған ақ блузкамен толықтырылған күнделікті формадан тұрады.

56. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық киім: спорттық костюмнен (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовкалар, кроссовкалар) тұрады.

57. Мектеп формасы негізгі түске сәйкес келетін немесе мектеп формасының түсіне карама-қайшы келетін классикалық формадағы галстукты қамтиды.

58. Мектеп формасына түрлі конфессиялардың діни киім элементтерін енгізуге жол берілмейді.

59. Мектеп формасына Коммуналдық мемлекеттік мекеменің айырым белгілері (эмблема, жапсырма және т.б.) орналастырылады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилетка, галстук) сыртқы бөлігіне орналастырылады.

60. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдайларды, оқу сабақтарын өткізу орны мен оқу үй-жайындағы температуралық режимді ескере отырып іске асырылады.

61. Мектеп формасына қойылатын талаптар жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарларды киюге жол бермейді.

62. Мектеп формасының түсін, үлгісін және белдемше ұзындығын таңдауды Коммуналдық мемлекеттік мекеме және қамқоршылық кеңес айқындайды, жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

63. Мектеп формасына өзгерістер енгізу қамқоршылық кеңестің келісімі бойынша қабылданады.

64. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы оқу жылының 25 мамырына дейін мектеп формасын бекітуді қамтамасыз етеді.

65. Басшы ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді білім алушыны коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау туралы өтініш (еркін нысанда) берген кезде міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен қол қойғыза отырып және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында таныстырады.

66. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларда, ата-аналар балаларды шектеу іс-шаралары алынып тасталғанға,

төтенше жағдайдың, форс-мажорлық мән-жайлардың қолданысы тоқтатылғанға дейін Коммуналдық мемлекеттік мекемеге балалар бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

## 12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

67. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

68. Жергілікті атқарушы органның келесідей функциялары бар:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға осыған уәкілеттік береді;

5) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

69. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) белгіленген тәртіппен Коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату, оның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы, Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босатудың негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады);

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) жергілікті атқарушы органға Коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

9) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

10) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

70. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысын Басқару органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

71. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Басқару органына тікелей бағынады және Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

72. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) басқару органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) басқару органының келісімі бойынша орынбасарды (орынбасарларды) тағайындайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

12) Коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

13) Басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Басқару органымен немесе жергілікті атқарушы органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

75. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

76. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен Басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

77. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары құрылады. Білім беру ұйымын алқалық басқару нысандары педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

### **13. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлігін қалыптастыру тәртібі**

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі оның активтерінен құралады, олардың құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

1) оған жергілікті атқарушы орган берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

79. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

80. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған ақша, білім беру, сорт сынау, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, ветеринария, орман

шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелер, спорт саласында маманданатын Қарулы Күштер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кітапханалары өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, тиісті бюджетке есептелуге жатады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік музейлермен және музей-қорықтармен жабдыкталады.

81. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттен не егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

83. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизиясын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқару органы және өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

#### **14. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас және коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

84. Қызметкер мен Коммуналдық мемлекеттік мекеменің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

85. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы нормаларына қарама-қайшы келмеуі тиіс.

#### **15. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

86. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу басқару органының немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

#### **16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

87. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.



88. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

89. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

90. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы заңды тұлғаның кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

### **17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

91. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері

жоқ.

**Басшы**



**М. Айдаболова**